

«БЕКІТЕМІН»

ЖШС «Шоқан Уәлиханов



ЖАЗҒЫ МЕКТЕПТІҢ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ЖАРИЯ ОФЕРТА ШАРТЫ

Алматы қ.

2025 ж.

Бұл құжат «Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектеп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, бұдан әрі «Білім беру ұйымы» немесе «Мектеп» деп аталатын, 2024 жылғы 25 желтоқсан №26 Сенімхат негізінде әрекет ететін Мектеп-1 Директоры Ниязов Д.Т. ресми жария офертасы болып табылады және Алматы қаласындағы (ҚР) білім беру процесіне кәмелетке толмаған қатысушының ата-анасы/заңды өкілдері болып табылатын әрекетке қабілетті тұлғалардың мүдделеріне қатысты ақылы қызметтерді (бұдан әрі – Қызметтер) көрсетудің барлық маңызды шарттарын қамтитын Шарт. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (ҚР АҚ) 395, 396 баптарына сәйкес, төменде көрсетілген шарттарды қабылдаған және қызметтерге ақы төлеген жағдайда, осы офертаны акцепт жасаған заңды немесе жеке тұлға ТАПСЫРЫС БЕРУШІ болады, ал ОРЫНДАУШЫ мен ТАПСЫРЫС БЕРУШІ бірлесіп – Оферта шартының ТАРАПТАРЫ.

I. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Мектеп, Мектеп-1 базасындағы Жазғы мектеп аясында Тыңдаушыға келесі бағыттар бойынша қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызметтер көрсетеді: жалпы білім беру пәндері мен сыныптан тыс іс-шараларды қамтитын Жазғы білім беру мектебі аясында оқушыларды оқыту, дамыту және бос уақытта ұйымдастыру бойынша қызметтер, сондай-ақ баланың жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған қызметтер. Қызметтер осы Шартта белгіленген тәртіппен ақылы негізде көрсетеді, ал Ата-ана (заңды өкіл) осы қызметтердің толық құнын осы Шартта көзделген тәртіппен төлейді.

1.2. Қызмет көрсету мерзімін Мектеп белгілейді.

1.3. Сабақтар сенбі сайын Мектеп белгілеген кестеге сәйкес өткізіледі.

II. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

2.1 Мектептің міндеті:

2.1.1. Осы Шарттың 1.1. тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша сабақтарды ұйымдастыру және өткізуді қамтамасыз ету.

2.1.2. Тыңдаушының Мектепте болған уақытында денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қосымша білім беру бағдарламалары мен оқу процесіне қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.

2.1.3. Тыңдаушының өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, мұндай қауіп фактісі туралы ата-анасына (заңды өкіліне) дереу хабарлау.

2.2. Мектеп құқылы:

2.2.1. Ата-анадан (заңды өкілден), Оқушыдан осы Шартқа сәйкес өз міндеттерін адал және дұрыс орындауды, мұғалімдерге, қызметкерлерге және Мектептің басқа да Оқушыларына дұрыс және құрметпен қарауды талап ету.

2.2.2. Осы Шарттың 1.1. тармағында көрсетілген бағдарламаларды оқыту әдістемесін өз бетінше анықтау.

2.3 Ата-ананың (заңды өкілінің) міндеті:

2.3.1. Тыңдаушының Жазғы мектеп сабақтарына ұқыпты және таза киіммен мектепке толық және уақтылы қатысуын қамтамасыз ету.

2.3.2. Осы Шарттың 3-бөліміне сәйкес Жазғы мектепке қатысу үшін төлем жасау. Төлем жасағаннан кейін Мектепке төлем жасалған күннен бастап 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде растайтын құжатты (түбіртек, төлем тапсырмалары және т.б.) ұсыну.

2.3.3. Тыңдаушының сабаққа келмеу себептері туралы Мектепке дереу хабарлау, ал жұкпалы ауру жағдайында Тыңдаушыны сабаққа әкелмеу және бұл туралы Мектепке алдын ала хабарлау.

2.3.4. Мектеп мұғалімдерінің, әкімшілік, басқару және техникалық қызметкерлерінің құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу; Мектептің іскерлік беделін, авторитетін сақтау және баланың оларға деген сыйластық қатынасын тәрбиелеу, Мектептің беделін түсіретін ақпаратты таратпау.

2.4. Тыңдаушының осы Шартты жасау кезінде ата-ана жасырған, сабақ кезінде Тыңдаушының денсаулығына теріс әсер ететін елеулі медициналық қарсы көрсеткіштері немесе созылмалы аурулары анықталса, жауапкершілік ата-ананың өзіне жүктеледі.

III. ТӨЛЕМ ШАРТТАРЫ МЕН КӨЛЕМІ

3.1. Қызметтердің құны Орындаушы ұсынатын оқу бағдарламалары үшін бекітілген бағаға сәйкес анықталады. Тыңдаушы қандай да бір себептермен Жазғы мектепке қатыспаса, Шарттың осы тармағына сәйкес төленген сома **Мектеп тарапынан қайта есептеуге және/немесе қайтаруға жатпайды.**

3.2. Ата-анасы (заңды өкілі) 3.1. тармақта көрсетілген толық құнын **(100% алдын ала төлем мөлшерінде)** осы Шарттың 8-бөлімінде көрсетілген Мектептің банктік шотына ақша аудару арқылы төлегеннен кейін Тыңдаушыға Жазғы мектеп сабақтарына қатысуға рұқсат беріледі.

IV. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бір-бірінің алдында жауапты болады.

4.2. Ата-ана (заңды өкіл) Тыңдаушыларға Мектеп мүлкіне материалдық залал келтірілген жағдайда материалдық жауапкершілікте болады.

4.3. Ата-ананың (заңды өкілдің) осы Шарт бойынша бір Тыңдаушыны басқасына ауыстыруға құқығы жоқ.

V. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ МЕРЗІМІ

5.1. Осы Шарт Акцепт жасаған сәттен бастап күшіне енеді және қарастырылған сабақтың шарттарына сәйкес оқудың ұзақтығына байланысты күшінде болады.

VI. ФОРС-МАЖОР

6.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау немесе тиісінше орындамау тараптар алдын ала болжай алмаған немесе төтенше жағдайлардың салдары болса жауапкершіліктен босатылады.

VII. БАСҚА ШАРТТАР

7.1. Осы Шарт бойынша Тараптар арасындағы барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

7.2. Осы Шарт Тараптардың келісімі бойынша немесе осы шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда бұзылуы мүмкін.

7.3. Форс-мажорлық жағдайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда үйірме сабақтары үшін алдын ала төленген төлем қайтарылмайды.

7.4. Осы арқылы Тапсырыс беруші Шарттың талаптарымен (оферта шарттарымен) танысқандығын, Шарттың (офертаның) барлық талаптары түсінікті екенін, олармен келісетінін және оларды толық және сөзсіз қабылдайтынын растайды.